

**Жаңаарқа ауданының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары туралы**

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 66/527 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 21967 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабына сәйкес Жаңаарқа аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Жаңаарқа аудандық мәслихат хатшысының м.а.*

*Р. Рахимов*

*О. Айтжанов*

Жаңаарқа аудандық  
мәслихатының  
2020 жылғы 23  
желтоқсандағы  
№ 66/527  
шешіміне 1 қосымша

**Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Жаңаарқа ауданының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар:

1) Жаңаарқа кентінің Абай даңғылы бойында орналасқан "Тәуелсіздік" саябағының үлкен сахнасы. Шекті толу нормасы - 2000 адам;

2) Жаңаарқа кентінің Тәуелсіздік даңғылы бойында орналасқан "Мәңгілік ел" алаңы . Шекті толу нормасы - 300 адам;

3) "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының Жаңаарқа аудандық филиалы ғимаратынан Жаңаарқа кентінің Тәуелсіздік даңғылы бойында орналасқан "Мәңгілік ел" алаңына дейін. Шекті толу нормасы – 300 адам.

Ымырт жағдайында бейбіт жиналыстар өткізуге арналған арнайы орындар жарықпен қамтамасыз етілген.

2. Ұйымдастырушы мен оның қатысушыларымен бейбіт жиналыстар өткізуге арналған арнайы орындарды келесі тәртіппен пайдаланылады:

1) Арнайы орынның аумағында хабарламада көрсетілген уақыт ішінде болады;

2) ғимараттардың, құрылыстардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің , сондай-ақ, өзге де мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді.

Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органның келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылысжайлар орнатуға тыйым салынады.

**Ескерту. 1-қосымша 3-тармақпен толықтырылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 20.02.2024 № 14/90 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Жаңаарқа аудандық  
мәслихатының  
2020 жылғы 23  
желтоқсандағы  
№ 66/527  
шешіміне 2 қосымша

**Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 20.02.2024 № 14/90 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жаңаарқа ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары 800 метр қашықтықта:

- 1) жаппай жерлеу орындарынан;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінен және оларға іргелес жатқан аумақтарынан;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарынан;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарынан;
- 5) магистральдық теміржол желілерінен, магистральдық құбыржолдарынан, ұлттық электр желісінен, магистральдық байланыс желілерінен және оларға іргелес жатқан аумақтарынан айқындалады.